

Түрген селолық округінің Түрген ауылына шектеу іс-шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Түрген селолық округі әкімінің 2012 жылғы 05 шілдедегі N 11 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 27 шілдеде N 2-8-201 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына және Еңбекшіқазақ ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2012 жылғы 07 маусымдағы N 37 ұсынысы негізінде, Түрген селолық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Түрген селолық округінің Түрген ауылында ұсақ малдар арасында бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс шараларын енгізе отырып карантин аймағының ветеринарлық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімі
КЕЛІСІЛДІ:

Б. Елеусізова

инспекторы
05 шілде 2012 жыл

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық Сайлаубек Қабылбекұлы Темешев

басқармасының бастығы
05 шілде 2012 жыл

Еңбекшіқазақ ауданы бойынша мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Ермек Әсемқұлұлы Әсемқұлов